Кӱн батты, еттї екпälдї, ҷедї. Ежігälдї аітты: «Тӱн болдӱ» дедї. Алып: «Кон» дедї. Ежігälдї: «Консам kонаін!» дедї. Кондӱ, тыскары шыkты, тыскары шыkkан сон бір kылмыстыны асып ölтрöтӱҕӱн аспа бар екäн. Дауҕар алып онӱ кеlїншäккä кöрсöттӱ. Кеlїншäк онӱ кöрӱп аітты: «Буҕан kаітїп онӱсӱн?» дедї. Дауҕар алып аітты: «Мына темір тајаkпїнäн тӱртӱп ҷібäрсäм асылып кетäдї» дедї. »Сонан сон асылып kоіҕан кісінї ölтӱрöмӱн!» дедї.

Кеlїншäк аітты: «Ҷӱршӱ!» дедї, «мен кöрöін! темір тајаkпїнäн тӱртöін!» дедї. Алып ҷӱрдӱ, тӱртӱп ҷібäрдї кеlїншäк, Дауҕар алып асылып кеттї. Кеlїншäктїң kолӱнда kамшы бар екäн;

кеlїншäк ҷубан алыптың аjаҕынан колӯмїнäн ыстады, камшымїнäн сабады, сабады. Дауҕар алып оібаі! оібаі! салды. Кеlїншäк сурады: «Ала öгӯзӯмнӯҥ етї тӓттїмä екäн?» деп сабап ҷатыр. Алып оібаілады, кеlїншäк алыпты боктады.

Дауҕар алыптың оібаі салҕанын кырк нöгöрӯ есіттї, алып кеlїншäккä зорлӯк кылып ҷатыр екäн деп оілады.

Ендї Ежігälдї ӯjӯнö каітты, кондӯ; ертäн турдӯ, коjӯн ҷаіды, ҷаjып турса бір екі кісі кеlä ҷатыр, амандасты. «Асалау маҕалаікым, дедї. «Ӯälікäмä сӓläм», дедї. Сölöстӯ Ежігälдїгä, Ежігälдї екäнїн біlмäідї. Ежігälдї: «Каіда барасындар?» дедї. Кісі аітты: «Бір баладан öгӯз сатып алып едїк, сол бала кеlїншäк болӯп кеlїп Дауҕар алыпты аспаҕа асып кетїп камшымїнäн сабап кетїптї» дедї. «Енді алып катты аурӯ болӯп ҷатыр. Бір дӓргір мында барма?» деп сурады Ежігälдї аітты: «Мен öзӯм дӓргірмїн, мен öзӯм тамыр ыстаушы едїм.»

Екі кісі аітты: «Ҷӯр» дедї «алыпка!» Ежігälдї алыпка ҷӯрдӯ, алыпка кеlдї, тамырын ыстап кöрдӯ. Ыстаҕан сон аітты: «Кырк кулаш ҷібäк аркан маҕан алып кеl! тöрт темір казык алып кеl! бір табак кара тікäн туз алып кеl! öткӯр п'шак екпäl! дедї.

Кырк кулаш ҷібäк екпälдї, тöрт темір казык екпälдї, бір табак туз екпälдї, öткӯр п'шак екпälдї. «Тöрт темір казыкты ҷергä как!» дедї. Ҷергä казыкты какты, «алыпты кер!» дедї, кердї алыпты, баілады алыпты, тöрт казыкка баілады. Ежігälдї ҷалшыларына аітты: «Алып оібаіласада кеlмäҥдäр!» дедї. Менїҥ кылҕан емїнä шыдамас. Ҷалшылары кеттї, Ежігälдї п'шак алды, п'шакмїнäн Дауҕар алыптың терäсїн тіlдї, туздӯ куідӯ, камшымїнäн сабады, сабады, сурады: «Ала öгӯзӯмнӯҥ етї тӓттїмä екäн?» деп боктады, боктады, Дауҕар алып оібаі оібаі салды. Кырк нöгöр оібаі салҕанын естїдї, Ежігälдїнїҥ аіткан сöзӯмїнäн кеlмäдї.

Ежігälдї кашты, алдынан бір тӯölӯ к'сі кеlä ҷатыр, кеlїп амандасты сöіlöстӯ. Ежігälдї сурады: «Каіда барасын?» Дауҕар алыптың аулӯна барамын» дедї. Ежігälдї аітты: «Тӯöҥдӯ ма-

ған бер!» деді. ««Негä?»» деді. «Дауғар алыптан акша ап перäін!» ««Не деп акша ап перäсін?»» деді. Ежігäлді аітты: «Аулұнұң тусұнан өтө берін ала өгұздұң іäсі менмін десäм акша маған берäді» деді. Бағанағы к'сі аітты: «Онұ мен өзұм аітып аламын» деді.

Тұөлұ к'сі аулдұң тусұна келді, аітты: «Ала өгұздұң іäсі менмін!» деді. «Аспаға аскан менмін! қоныңа тілін туздұ салған менмін!» деді. «Камшымінän сокkан менмін.» Дауғар алып аітты: «Сол к'сінi ыстаңыз!" Ыстады сол к'сінi, ыстап алса сурадылар: «Ол сöскö сенi кім ұröттұ?» дедіläр. Тұөлұ к'сі аітты: «Бір kашып баратұғұн бала ұröттұ." Алып сурады: «Сол бала kаіда кеттi?» деді. «Калаға таман кетін барады» деді.

Енді екі к'сі Ежігäлдінi кұдұ, күп қетті балаға, бала kалаға қеткän екän. Бала күған к'сінi көрдұ, бір қаман ұігö кірін кеттi. Кірін kелсä бір таз бала бар екän, тірмän тартып турад'екän. Ежігäлді аітты: «Оі тазым!» деді. «Іштämä білдіңбä?» деді «қок!» деді. «Дауағр алыптың kаршығасының торұ қыртылып kалып таздың басы керäк деп, екі к'сі келді» деді. Таз kашты. Екі к'сі келдідä қаман ұігö кірді. Бағанағы Ежігäлді бетінä ундұ қағып тірмän тартып отурдұ. Äлігі екі к'сі сурады: «Бала kаіда кеттi?» деді. Ежігäлді: «Сöілöссöм даусымнан таныр» деп «м! м!» деді, сакау болды, екі к'сі, кеткän екän деді, шықты, шығып бір ұігö kелсä бір таз бала тактаіға басын соғұп отур, кызыл ала кылыпты kанатып, к'сі келдідä сурады: «Не кылдың?» деді. Бала аітты: «Басым торға қарамаіды!» деді. К'сі аітты: «Онұ кім ұröттұ?» деді. «Äлігі бір бала соңұ ұröттұ» деді. «Ол бала kаіда?» деді. «Бала аітты: «Тірмän тартып калған, мен kашып кеттім» деді. Екі к'сі аітты: «Сол к'сі Ежігäлді екän.» Бағанағы ұігö каітты, каітып келсä Ежігäлді kашып кетін калыпты. Дауғар алыптың ұјұнö екі к'сі каітыпты. Алыпka аітты: «Ыстаі алмадық!» деді.

Дауғар алып кағаз сызды: «Кала калаға Ежігäлді атты к'сі болса ыстасын!» деді. Ежігäлді кат қетпäгän бір калага барып

турдў, бір кемпірнің ўйўнө турдў, бала боламын деп турдў. Кемпірдің бала қоқ екән, кемпір Ежігәлдінї бала кылып алды.

Ертән Ежігәлдї кojўн қajып кеттї. Сол калаға таҕыда кат келдї. Сол каланың бїләрї кандары кеңәс кылды: «Көшөгө акша төгөлўп», дедї, «кісінің бәрінді қўргўзөлўк!» дедї, «со акшаны кім алса сол Ежігәлдї, соңў ысталык!» дедї.

Көшөгө акша салды, к'сінің бәрін қўргўздў, Ежігәлдідә қўрдў, табанына қелім қаҕыб алып көшөдөгў акшаның бәрін төгөстў, бір теракцің тўбўнө аппарып акшасын тастады. Ежігәлдї көп к'сінің ішіндә қўр екән.

Каланың бїләрі, кандары кеңәс кылды: «Бізгә көрўнбөдў. Бір тўөгө казна артып қўргөзөлўк, соңў алҕанда ыстап алалык» дедї. Цетәлаттї. Кешкә таман бір уштоп аракы алып Ежігәлдї тўө цетәктәгән балаҕа алып келдї.

«Іш!» деідї «шөлдөдўң» деідї.

Іштї, ішіп мас болўп қыңылып калды. Тўонў алып Ежігәлдї кетіп калды, ўйўнө әкпәлдї тўонў. Соідў сojўп шешәсінә бердї. Тўн болҕан сон теракцің тўбўнө келдї, акшасын алып отур едї. Каның ўәзірї келіп Ежігәлдінї көрўп ыстап алды, теракка баілап тастады. Ўәзірдің өзў канҕа кеттї. Канҕа барып аітты: «Ежігәлдінї ыстап алып теракка баілап коідўм» дедї.

Ежігәлдї таңўлў тур. Бір катын суҕа келә қатыр екі шелагї бар. «Әі катын!» деідї, «берї кел!» дедї, катын келдї. «Наҕылҕан қансын?» катын сурады. «Таңўлў турҕан» дедї. «Катынымның оінас бар екән, соңў ыстап алып едім» деідї. «Ол кім екән?» деідї. «Уәзірї екән» деідї. «Ыстап алып едім, алҕан сон ўәзір мен катыныңды аламын деп менї теракка таңып коідў. Канҕа аітып басыңды алдырамын, сен Ежігәлдї екәнсін, өтўрўк аітып, менің ўстўмө катын алаін деп қўр екән» деідї.

Ол катын Ежігәлдінї шешіп коja бергән. Шелагін тастап катын канҕа барды. «Буҕан нанбақыз!» дедї. «О кісіні шешіп коja бердім» дедї. «Бір беішара екән катынымінән мына қўзў кара оінас екән өлтўрўп катынын алаін деп сізгә шаҕыстырып өтўрўк аітып отур. Мен коja бердім.»

Ежігälдї ӱјӱ̆нö барды, шешäсїнä: «Бір кырк кулаш аркан есїп бер!» дедї. Ертäн којӯн ҷајып кеттї. Кан кеҥäс кылды, еlін ҷїдї, кісігä аітты: «Тӱ̆öнӱ̆ҥ етїн тауп екпälгäн кісігä басынан тöмöн акша кујамын» дедї. Бір кемпір: «Мен тауп екпälämїн!» дедї.

Ежігälдінїҥ ӱјӱ̆нö кемпір кеlдї: «Бір тӱ̆öнӱ̆ҥ мајы барма?» дедї. «Баламныҥ басыныҥ котурӯ бар, соҕан керäк!» дедї. Ежігälдї алдынан шыкты. «Кемпір каідан кеläсїн?» дедї. «Шешäҥнїҥ тӱ̆öнӱ̆ҥ мајын екпälämїн, баламныҥ басыныҥ котурӯ бар едї» дедї. Ежігälдї аітты: «Тӱ̆öнӱ̆ҥ басын саҕан берäін! дедї, ӱ̆ігö ҷӱ̆р!» дедї. Кемпірдї ӱјӱ̆нö екпälдї, ölтӱ̆рдӱ̆, бір колӯн кесїп алды; тӱ̆н болды.

Каныҥ ҷалҕыз кызы бар екäн, соҕан барҕалы! дедї. Тӱ̆öнӱ̆ҥ кӯҕун алды толтурӯп су алды, бір біз алды, кемпірдїҥ колӯн алды, арканын алды, кеlдї каныҥ кызыныҥ ӱјӱ̆нö; ҷеті кабат ӱ̆і болды, ҷеті кабат арканмäн ӱ̆ідӱ̆ҥ тöбöзӱ̆нöн тӱ̆стӱ̆. Кыздыҥ касына кеlдї, кыз ыстап алды. «Сен Ежігälдї екäнсїн» дедї. «Мен Ежігälдї» дедї. «Ӓ̄кäмä аітып басыҥды алдырамын» дедї. «Äкäҥä аітып басымды алдыр, бӱ̆гӱ̆н маҕан коінӯҥа јаткыз!» Кыз: «Јат!» дедї.

Ежігälдїҥ кыздыҥ коінӯна ҷатты, таҥ атып кеläдї. «Сїгім кеlдї» дедї. Кыз аітты: «Сен кашып кетäсїн» дедї. Ежігälдї дедї: «Кашады десäҥ колӯмнан ыстап тур!» кемпірнїҥ колӯн устатты, кӯктӯ бізбäн шаншып алды, кашып кеттї.

«Бурташ болҕан» кыз аітты, тартып калды колӯнан, тартып калса кур кол кеlдї. Турдӯ, бетї колӯн ҷӯдӯ, ӓ̄кäсінä барды, аітты ӓ̄кäсінä: «Ежігälдї кеlїп менїмäн оінап кеттї.» Ӓ̄кäсї ашӯланды.

Кан куса болдӯ. Тӱ̆öсӱ̆н урлатканын, акшасын урлатканын кызмїнäн оінап кӱ̆lгöнӱ̆н бір баска кан естідї, каҕаз сызды, ҷібäрдї, акшасын урлатканша, тӱ̆öсӱ̆н урлатканша, кызын оінатканша дамбал баӯна бӯнӯп ölсӱ̆н» деп. Дамбал баӯ ҷібäрдї. Кан ашӯланды еlїн, ҷїп алып аітты: «Бір кан маҕан зорлук кылды, сол канды öзӱ̆мдöі кылып кеlгäн к'сігä кім-дä болса кызымды

берәмїн!» дедї. Ежігәлдї канҕа келдї. «Мен Ежігәлдїмїн, дедї, сол канды саҕан екпәлямїн, дедї, кызыңды маҕан берәмїсїн?» дедї. «Берәмїн» кан аітты. Аітканнан сон Ежігәлдї аітты: «Маҕан алпыс ала саускан атып бер!» дедї. Атып бердї. Ежігәлдї бір абдара алды, аркалап кеттї. Барды кан дїкїнә барды. Кан катынмән шаі ішїп отур екән. Ежігәлдї ол алпыс саусканың терәсїн теітәрә кылып кїгән екән, ўігө кірсә канмән катын шошуп турҕан. Ежігәлдї абдараның аузўн ашты «ҷалаҷаш тўс!» дедї. Катынмїнән кан коркўп тўстў, Ежігәлдї абдараның аузўн ҷапты, аркалап каітты, каның ўјўнө екпәлдї.

«Екпәлдїҷбә?» кан аітты: «Екпәлдїм!» дедї. Абдараның аузўн ашты ҷалаҷаш катынмїнән кан тўрө-гәлдї. Екәў ҷылады: «Не болдў?» дедї. «Білмәіміз, Әзраіл екәнїн не екәнїн білмәіміз дедї, абдараҕа тўс! дегәнїн білямїз» дедї. Кан аітты: «Бўпуп өлсөҥ!» дамбалдың баў өзўнө каіта бердї. Кан каітты ўјўнө, ўш кўндән сон өлдў. Ежігәлдї каның кызын алды.

2. Ҷаксылык ҷамандык ҷолдас болҕан.

Бурунҕў заманда ҷаксылыкпән ҷамандык ҷолдас болўп ҷўрўптў, екәўнїңдә ат, тон, азыҕы болўп ҷўрўптў. Екәў ҷаксылыктың азыҕын ҷеп ҷўрўптў, ҷеп ҷўргәндә ҷаксылыктың азыҕы таусўлыпты. Ҷамандык аітыпты: «Ҷаксылыҕым, азыҕың таусўлдў, енді каітәсїн?» депті. «Ҷамандыҕым өзўҥ біл!» депті, «өзўм білсәм атыңды сојаік!» депті. Ҷаксылыктың атын сојўптў, ҷаксылыктың атының етїн екәў ҷеп ҷўрўптў, азык таҕы таусўлўпты. «Ҷаксылыҕым, енді каітәсїн? атыңның етїн таусўлдў» депті. «Ҷамандыҕым, әлдә болса өзўҥўз біліҷіз» депті. «Өзўм білсәм, ҷаксылыҕым, бір кулаҕыңды кесїп п'сіріп өзўҥө бераін, ҷеімїсїн?» депті «ҷеімїн ҷамандыҕым» депті, бір кулаҕын кестї, бір кўнгө азык болдў. Ҷамандык аітты: «Бір кулаҕыңды бір кўнгө таҕыда азык бераін!» депті. Таҕы азык таусўлдў. «Ҷаксылыҕым, енді каітәін?» депті, «әлдә болса, ҷамандыҕым, өзўҥ

біl!» дептї. «Ц̣аксылыҕым, öзӱм біlсäм бір кöзӱҥдӱ ојӯп бір кӱнгö азык кылып берäін! дедї. Бір кöзӱҥдӱ таҕыда ојӯп бір кӱнгö азык кылып берäін! дедї.

Ц̣аксылыктың ат, тон, азыҕы, кулаҕы, кöзӱ біттї ц̣амандык ц̣аксылыктың азыҕы біргä ц̣еп тӱгöстӱ, ц̣аксылыктың азыҕы таусӯлҕан сон, ц̣амандык азыҕын бермäдї. «Ц̣аксылыҕым, дедї, атыңды сојӯп ц̣едїк, дедї, екі кöзӱндӱ ојӯп кулаҕыңды кесїп тöрт кӱн азык бердїм» дедї. «Ц̣аксылыҕым, енді каітäсїн? енді кулаҕың ц̣ок, кöзӱҥ ц̣ок, енді ц̣аксылык сенї таштап кетäмїн» дедї. «Ц̣амандыҕым, дедї, тастап кетсäң бір калың кара тоҕаідың ішїнä таста!» дедї. Ц̣амандык калың кара тоҕаідың ішїнä ц̣аксылыкты екпälїп тастап кеттї.

Тоҕаідың ішїндä ц̣аксылык отурса бір ц̣олбарыс, бір тӱlкӱ, бір каскыр, ӱшöӱ кеҥäсäдї.

Каскыр аітады: «Ц̣олбарысым, сен осу тоҕаідан шыкпаісын, сен осу тоҕаіда не кылып ц̣ӱрöсӱн?» дедї.

«Бу тоҕаіда, дедї, екі баі терäк бар, дедї, кöзсӱзгö кöз берäдї, кулаксызҕа кулак берäдї, мен сонӯ аңдып ц̣ӱрöмӱн, дедї, каскырым!»

Ц̣олбарыс аітты: «Сен, каскырым, осу ц̣ердäн шыкпаісың не кылып ц̣ӱрöсӱн?» дедї.

«Мінä ц̣ердä бір мың коілӯ баі бар, ол баідың бір кара тöбöтӱ бар, осу кара тöбöттӱҥ сӱöгӱ ölгöн кісігä ц̣ан берäдї» дедї. «Мен, дедї, сону алаін деп ц̣ӱрöмӱн.»

Каскыр аітты: «Сен, тӱlкӱм, сен кара обаның тӱбӱнöн шыкпаісын, не кылып ц̣ӱрöсӱн?» дедї.

«Кара обаның тӱбӱндö ат басындаі алтын бар дедї, сону аңдып ц̣ӱрöмӱн» дедї.

Баҕанаҕы ц̣аксылык ӱшöӱнӱҥ сöзӱн естідї, тоҕаідың ішїн аралады, аралап ц̣ӱргöндö екі баі терäк колӯна тӱстӱ, кöзӱн ӱкöдӱ, кöзӱ біттї, кулаҕын ӱкöп екі кулак біттї. Тоҕаідан ц̣аксылык шыкты; баҕанаҕы кара обаның тӱбӱнö кеlдї, тӱlкӱнӱҥ карап ц̣ӱргöн ат басындаі алтынды алды. Ат басындаі алтынды алып мың коіды баідїгїнä кеlдї. «Баі» дедї, кара тöбöтӱҥдӱ са-

тамысын?» дедї. «Не берäсїн?» дедї. «Ат басындаі алтын берäін!» дедї. «Ат басындаі алтын берсäң ал!» дедї. Кара төбөттў ат басындаі алтын берїп алды, кара төбөттў цетäлät талаға алып шыкты. Кара төбөттў бір цергä келїп урўп öлтўрдў. Шакпағын цаксылык шакты, от цакты, кара төбөттў өртödў, куру кара төбөттўң сўögў калды, сўögўн цаксылык алды, сўögўн алып тўідў, сўögўн ап ак кылыш тўідў, тўjўп екі шонтаіға салып алды, цўрўп бір кандїкїнä кäлдї.

«Нағып цўргön адамсын?» дедї.

«Улсўзға улў болаін деп цўрмўн, дедї, кызсызға кыз болаін деп цўрмўн» дедї.

Каның канышасы аітты: «Улсўзға ул болсаң дедї, маған ул бол! менїң улўм цок, кан ауруп цатыр» дедї.

«Ул болаін саған» дедї.

Ул болдў, ул болўп цылкыға кеттї. Кешкä цаксылык цылкыдан келсä кан öлўп калыпты, каныша цылап отур екän. Цаксылык цылкыдан кеп «цылама!» дедї, «тірілäр!» дедї. Бағанағы кара төбөттўң сўögў öлгön к'сігä цан берädї.» Кара төбөттўң сўögўннўң цаксылык канышаға кішкänä бердї «аппарып каның аузўна сал!» дедї. Каныша барып каның аузўна салып едї. Кан «катты ујуктап кеткänїм» деп тўрö-гäлдї.

Ертän кан елї цуртўн цїдї. Цаксылык канышаға аітты: «Кан елї цуртўн цїп алды, кан: «Маған цаксылык кылған кісі барма?» деп сураса менї аітпа!» деп цаксылык цылкыға кеттї.

Ертän кан елі цуртўнан маған цаксылык кылған кісі барма?» деп сурады. «Іш кім цаксылык кылған цок» дедї. Елі цуртў таркап кеттї. «Ендї кім калды?» дедї. Каныша аітты: «Каным», дедї, «сен ауруп цатканда мен бір цігіттї бала кылып алып едім» дедї, «цылкыда бір ак со калды, шакыр соңў» дедї.

Кан цаксылыкты шакыртып алды. «Сен маған цаксылык кылдыңба?» дедї.

«Мен сізгä көп цаксылык кылғаным цок», дедї, бір кішкінä канышаға ак дäрі берїп едім, каныша аппарып сіздің аузўңызға

салды. Сіз катты ујуктап кеткäн екäнмїн деп тӱрӧ-гäлдїңїз. Мен сонан заска ҷаксылык кылҕаным ҷок» дедї.

«Каныша, дāрі бергäнї шынба?» Кан сурады.

«Шын» каныша аітты.

Кан алтын таҕынан тӱстӱ, алтын таҕын бердї ҷаксылыкка. Аі десä аузӯ ҷок, кӱн десä кӧзӱ ҷок бір сылӯ кызы бар екäн. «Маҕан ҷаксылык кылсаң кызымды саҕан берäін!» дедї. Ҷалҕыз кызын бердї, кара куладан каҕ ҷарып малын бердї, кӱјӧӱ кылып алды, ҷаксылык бајып ҷӱрдӱ.

Ҷаксылык бір кӱндӧ ҷылкыда ҷӱрсӧ бајаҕы ҷолдас болҕан ҷамандык кезгäлдї. «Ҷаксылык, сен не кылып адам болдӯң?» дедї.

Мен сӧітӱп, сӧітӱп ҷӱрдӱм деп ҷаксылык шынын аітты.

Ҷамандык аітты· «Ҷаксылыҕым! менї каның кара тоҕаідың ішїнä аппарып тасташы!» дедї «мендä сендäі адам боларм'-екäнмїн» дедї. «Мен сенїң екі кӧзӱңдӱ алып, екі кулаҕыңды алып, сенї тоҕаідың ішїнä тастап кетїп, сен ендї адам болӯпсӯн» дедї. «Менїң екі кӧзӱмдӱ ојӯп, екі кулаҕымды кесїп тастап, ӧзӱң адам болҕан тоҕаіҕа менї-дä аппарып тасташы!» дедї.

Ҷаксылык аппарып тоҕаіның ішїнä ҷамандыкты тастады.

Тӱlкӱмїнäн каскыр ҷолбарыс ӱшӧӱ тоҕаідың ішїн карады карап ҷӱрӱп бір ҷердä ҷамандыкты тауп алды, ҷеп коідӯ ӱшӧӱ. «Ҷаксылыкка ҷаксылык, ҷамандыкка ҷамандык дегäн осӯ екäн!» деп ӱшӧӱ онӯ ҷеп коідӯ.

3. Каның кызы.

Бурунҕӯ заманында бір кан болӯптӯ, каның бір кызы болӯптӯ, тӧрт ӱäзір болӯптӯ, кыздың кырк кыз нӧгӧрӱ болӯптӯ. Кан сеilгä шыҕыпты, касында бір ӱäзірї болӯптӯ. Каның алдынан екі коңур каз ушӯп барат екäн. Кан аітты ӱäзірїнä: «Осу екі коңур каздың тіlїн маҕан аіт! не деп кетїп барады?» дедї. Ӱäзір аітты: «Таксыр, мен біlмäімїн.» Кан аітты: «Аіт! аітпасаң

басыңды аламын!» деді. Ўәзір аітты: «Таксыр! ўш кўн мырсат бер!» деді. Кан: «Цараіды!» деді.

Каның өзў қаздың тілін білät екän. Кан ўндömöі ўјўнö келді, атынан тўстў, ўјўнö келді, отурдў.

Ўәзірі өзў ўјўнö келді: «Ä катын!» деді, «сен маған цок, мен саған цок!» деді. Катыны аітты: «Недän коруктўң?» деді. Ўәзір аітты: «Кан маған қаздың тілін тауп аіт! деді, аітпасың басыңды аламын! деді. Ўш кўн мырсат сурадым; ўш кўн мырсат берді» деді.

Ўәзір таза суға шомўлдў, äкрätін коінына салды, кўнўң батыс цакка кетті. Алдынан каның қызы цўр екän, қырк қыз нögöрў бар екän. Кетіп бара цаткан цігіттї каның қызы көрдў, бір қызға аітты: «Анау кетіп бара цаткан äкämнің ўәзір екän» деді, «шақыршы!» деді. Аіткан қыз цўгўрўп кеттї, келді цігіткä, аітты: «Сенї каның қызы шақырады», деді. Келді цігіт каның қызына.

Каның қызы аітты: «Е ўәзірім! қаіда бара цатырсын цајау?» деді.

«Солаі! солаі! Кешä канмän сеілгä шықтық, алдымыздан екі коңур каз уштў, кан аітты: «Со ушўп барған коңур каздың тілін маған аіт! тауп аітпасаң басыңды аламын деді. Сонан коркkан сон ўш кўн мырсат сурадым, мырсатымды бердї; ўш кўндö тауп аітсам басымды алмаіды. Сонан коркканымдан кетіп барамын; қаздың тілін білмäімін. Äкäңіздің қылған царлығы сол!» деді.

Қыз аітты: «Е, ўәзірім, мен саған цаксылық қылар едім; корукkан сон äкämä аітасын коі?» деді.

«Цок, каныша, аітпаімын, өлсöм өлўп кетämін, цаксылық қылған кісіні негä аітаін!» деді.

«Цараіды, ўәзірім, мän сенї ајадым, мен аітаін, сен тыңда! Каздың тілін кім аітты дер сурап сонда менї аітпа, аітсаң менің обалым сендä болар!» деді. Онан сон қыз аітты: «Алдыңгы ушкан еркägї екän, деді, соңгў ушкан урғашы екän деді. Осўлаішы еркäк аітты: «Цылда екäў кустўң соңында ушўп екämіз, быjыл негä кустўң алдында ушўп барамыз?» деді урғашы аітты: «Цылда

кустўң соңўнда калатўққўмыз, сен аксак болғансын! дедї, мен сенї асрадым, кўттўм, ҷаман еркäктї ҷаксы урғашы асраіт екäн» дедї. «Уктўңба, ўäзірім?» дедї.

«Уктўм» дедї.

«Ертäн барып аіт!» дедї, «äкäм менің аітканымды білäр!» дедї, «білсäдä аітпағаісын!» дедї.

Ҷігіт куанды, кўлўп ўјўнö келдї. Катыны сурады: «Ä карағым! негä куандың?» дедї. «Аі бір ҷаксылык бар, ендї корукпаімын!» ўäзір аітты.

Ертäн турдў ўäзір ҷігіт, бетї колўн ҷўдў, канға келдї. «Асалаум ағалаікым, алдыjар!» дедї, ағалаікым äсäläм ўäзірім!» дедї.

«Кешäгі тауп аіт дегäн сözўңўздў аіткалы келдім» дедї.

«Ҷараіды, ўäзірім, аіт!» дедї.

«Аітаін! кулағыңызды салып тыңдаңыз!» дедї. «Алдыңғы ушкан еркäк екäн, соңгў ушкан урғашы екäн. Еркäгі аітты: «Біз ҷылда кустўң соңўнда калат екäнміз, быjыл негä тамам кустўң алдында кетїп барамыз?» Урғашы аітты: «Ҷылда біз кустўң соңўнда калсак сенің аjағың аксак едї сонуктан бурун уш-алмадык, сенї мен сактадым, кўттўм, сенї тастап кетпädім, ҷаман еркäктї ҷаксы урғашы асраіт-екäн, ҷаман урғашыны ҷаксы еркäк асраіт екäн, деп кетїп барат екäн, осу сözў аітат екäн. Осу, таксыр, білгäнімміз, білдіңбä? білмäідіңбä?» дедї.

«Білдім, ўäзірім! бу сözдў саған кім ўröттў аіт шыныңды, аітпасаң шыныңды басыңды аламын» дедї.

Ҷігіт аітты: «Адам ўröткön ҷок менї, кудаі аузўма салды» дедї. «Болмаімын» дедї.

«Öлтрömўн аітпасаң» дедї.

Ҷігіт корукгў, корукkан сон «аітаін!» дедї. «Мыны аіткан кызың» дедї. Кан аітты: «Özўм-дä білїп едім» дедї. Елїн ҷуртўн ҷїдї, ҷоғарғы елїн шакырды, ҷорға біä соідў, тоі кылды. «Кызымды, кім-дä кім ҷаман болса кызымды соған берämін» дедї. «Ҷаман еркäктї каітїп ҷаксы кылат екäн.»

Ҷаман балаларды алып келдї, бір ҷаманға кызын бермäк болды, басынан котурдўң кан аккан, мурыннан боғы аккан, аjағы-

нан шу аkkан. Ц̣аман ташшаҕа kан kызын бердї, kаның ӧзӯ кӧштӯ оруннан. Ташшамӓн kыз ц̣ӯрдӯ, ташша баі болдӯ, kыздың ӧзӯ kатын болдӯ, ӧзӯ шебӓр болды. Бау ӧрдӯ, ӯінӯң kасынан ц̣ердӓн kудуk kазып алды, kудуkтӯң сӯ алтынды болды. Ташша бајӯ kатының тіlїн алады; kатыны кӯндӓ бау ӧрӯп кїмтігїп аппарҕызып саттырды. Баі кешкӓ кеlіптї, дылда ӓ̄кпӓlіптї, ӧздӧрӯ баі болӯптӯ. Астары ӧзӯ п'сірілїп ӧзӯ т'сӯрlӧдӯ; тастырkаны ц̣ајылат екӓн, ыстолдӯң ӯстӯндӓ тӧрт шам шыраҕы ц̣аҕылат екӓн, сӧітӯп ц̣ӯрӯптӯ.

Катын ертӓңїндӓ турӯптӯ, бетїн kолӯн ц̣ӯптӯ, бајына аітыпты: «Сен бӯгӯн шӓ̄ргӓ бар, анда бір адам kара кӧк ат сатар, сонӯ сен сатып алып кеl!» дептї. Аk орамалҕа дылда тӯ̄п беріптї. Баја орамалды алып kоінӯна салыпты, шӓ̄ргӓ ц̣ајау кеlіптї. Базардың басында ц̣ӯрсӧ бір адам бір kара кӧк ат ц̣етӓктӓп ц̣ӯр екӓн.

Ташша турӯп аітты: «Аҕакӓ, атыңды сатамысын?» дедї. «Ташшам, сатамын» дедї, «не берӓсїн?» деді, «екі дылда берӓін!» «Ӯш дылда бер!» дедї. «Орамалдаҕымды берӓін!» «Орамалыңмїнӓн бер!» дедї. Ташша бердї, kара кӧк атты алды kолӯна. Кара кӧк атты ц̣едӓктӓп ӯјӯнӧ кеlдї. Кара кӧк атты баілады ыстолбаҕа, ӯјӯнӧ ендї. Катын сурады: «Кеlдїңбӓ? — «кеlдїм» дедї — «ӓ̄кпӓlдїңба атты?» — «ӓ̄кпӓlдїм.» — «Мыkтап баідадыңба?» — «мыkтап баідадым?» дедї. — «Ц̣ат бӯгӯн!» kатын аітты. Катынмїнӓн екӓӯ ц̣атты, ујуkтады, ертӓн турдӯ, бетїн kолӯн ц̣ӯдӯ, намазын оkудӯ. «Е ташшам!» дедї, «kара кӧк атты ертӓ!» дедї, «алдыңгы аілын бос тарт, артkы аілын берїк тарт! бӯгӯн менїң ӓ̄кӓм сол бір кїктї kӯп кеlӓдї, кїктің басы алтын, кӧтӯ кӯмӯс!» дедї. «Екі кӯн екі тӯн kӯп едї, ц̣ет'алмады, сен кӧк атkа мін kуруkтӯ kарына іl! Сен барып ц̣етӓрсїн; kурукмїнӓн ыстарсын! бауздаімын деп атыңнан т'сӧ kал! кӧтӯңнӧн ӓ̄кӓм кеlӓр, е ц̣ігітїм, аітар, осу кїктї маҕан бер! дӯнӯӧдӓ тіlӓгӓн тіlӓгіңдї берӓін деп аітар» дедї. «Сонда сен бер кїктї! ӯігӧ kаітып кеl!» дедї.

Ташша кӧк атkа міндї, kуруkтӯ kарына іlдї, кеттї бір таудӯң басына шыkты, шыҕып kараса бір адам бір кїктї kӯп кеlӓ

қатыр екән, қет'алмаі келät екән. Алдынан ташша шыққып кіктї күп қеттї, куруктў моінўна салды, аттан т'сö калды, бауздаімын деп п'шаққын қанынан сурдў, көтўнөн кан шауп келдї: «Е қігітім!» дедї «осу кігіңдї маққан бер!» дедї. — «Бермäімін» дедї — «дўнўödö тіläгän тілägіңдї берäін!» дедї — «қараіды ал!» дедї.

Кан кіктї алып ўjўнö кеттї. Ташша ўjўнö барққан сон катыны алдынан шыкты. «Келдіңбä, ташшам?» дедї — «келдім» дедї — «ыстадыңба?» — «ыстадым, канқа бердім» — «бäрікäлді!» дедї.

Қатты, ујуктады, ертän турдў. Катын аітты: «Е, ташшам, каннан не тіläк сураісын?» Ташша аітты: «Не тіläк сураін? мал сураімын! бас сураімын!» Катын аітты: «Е, ташшам, акылың қок! мал некäрäк? қан некäрäк? мал-да бар, қан-да бар. Сен барарсын кандікінä! не сураі келдің? деп кан аітар. Сонда сен аіт! ана күндö берäм дегän тілägіңізгä келдім, деп аіт! сонда: «Не тіläсін? аітар. Сонда сен тілä: «Özўңўзгö карақан қандар ўш күн ўш тўн от қакпасын! бір özў ўjўмнөн баска адам қакпасын! деп аіт!» дедї. «Қараіды, катын!» дедї.

Катын баjына курумнан шаппан тіктї, курумнан тымак тіктї, көзўнö шідän тіräўш салды, көзўн кызартты. Ташша кетіп кандікінä келдї, ўігö еніп келдї. Асалау маққалаікым! Кан дедї. Кан алтын таққында отур екän, кан шошўп төсögўнўң ўстўнö барып отурдў, ташша каның таққына отурдў.

«Е қаным каіда барасын! дедї. «Алдыjар, сізгä келдік» дедї. «Не қумусўң бар?» дедї. Ташша аітты: «Қумусўм бар. Берämін дегän тілägіңізгä келдім» дедї. Патыша аітты: «Берäін, қігітім! не тіläісін?» деідї. «Алдыjар, мен не тіläін? маққан берсäңіз ўш күн ўш тўн тірі қан от қакпасын! özўм ўjўм от қаксын! берсäңіз осу тіläктї тіläімін!» дедї. Патыша: «Қараіды; бола калсын!» дедї.

Ўäзірін кан атка міңгіздї, қуртўна кабар бердї. Ўш күн, ўш тўн от қакпасын! бўгўн оттў қаксын! асын п'сärсін! ўш күн ўш тўн от қаккандаі болса басын аламын! дедї. Ўäзірї кеттї,

ҷуртуна kабар бердї. Каітып ӱјӱ̆нӧ кеlдї. Кан ташшаны ӱјӱ̆нӧ kаітарды.

Ӱ̆јӱ̆нӧ кеlдї, kатын сурады: «Аітыңба, ташша?» дедї. «Аіттым!» дедї. «Ӱ̆ш кӱ̆н тірі ҷан ӱ̆ш кӱ̆н ӱ̆ш тӱ̆н от ҷаkпаіды, бір ӧзӱ̆м ӱјӱ̆мнӧн баска.» Ӧзӱ̆ ӱјӱ̆ ӱ̆ш кӱ̆н ӱ̆ш тӱ̆н отӱ̆н сӧндӱ̆рмӧідї. Бак кеlдї, ырыс кеlдї, Кыдыр кеlдї, ҷарыkkа ҷїлдї. Ертӓн ҷігіт турӱ̆п kараса тӧңрӧгӱ̆ малҕа толӱ̆п kалышты, ӧзӱ̆ абдал баі болӱ̆птӱ̆, баі ендї маңгас болдӱ̆. Катына аітты: «Бӱ̆гӱ̆нгӱ̆ кӱ̆н кӧк атkа мін! сеіlгӓ шыk! kан ҷолӱ̆ҕар, олда сеіlдӓ ҷӱ̆рӧр. Аң аулап ҷӱ̆р екӓн. Соҕан сен бар! мынан азыkты kанҷыҕаҕа баіда! тӱ̆с болҕанда ас ішӓмїз деп тӱ̆с атыңнан! kан-да тӱ̆сӧр атынан. Ас ҷејїk! деп kан сенї шаkырар, сен барма, kан асынан берсӓ сен ҷемӓ! сен берсӓң асыңнан ол ҷер, ендї бар!» дедї.

Ташша кӧк атты ертӓдї, міндї, кеттї, сеїlгӓ кеlдї, алдынан kан ҷолуkтӱ̆ амандасты, есӓндӓстї, аң аулап ҷӱ̆рдӱ̆, тӱ̆с болдӱ̆. Кан аітты: «Ас ҷејїk!» дедї. «Аттан т'сӱ̆п.» Касындаҕы ҷігіт аітты: «Ҷараіды.» Аттан тӱ̆стӱ̆ kан, асын ҷедї. Ташшаны шаkырды, ташша ҷаkын кеlмӓдї, асынан берїп едї, ҷемӓдї ташша. Ташша асынан бердї, kан ҷедї. «Апырмаі тӓ̄ттїсїн аі!» дедї. «Менїң бір kатыным болҕан, сол осундаі п'сірӱ̄ш'едї, сонан тӯҕан kызым осундаі п'сірӱ̄ш'едї. Со kызым кеткӓн сон кӧргӧн тӓ̄ттї дӓ̄мїм осу.» Астарын ҷестї, аттарына міндї. Ташша ҷігіт: «Алдыјар!» дедї. «Біздїкїнӓ kонаkkа ҷӱ̆рӱ̆ңӱ̆з!» ««Ҷараіды.»» дедї.

Ташшаның ӱ̆јӱ̆нӧ кеlдї, ӱ̆јӱ̆нӧ кеlсӓ kаның ӧзӱ̆нӱ̆ң ӱ̆јӱ̆нӧн артыk екӓн. Кан енӓрїн дӓ біlмӓдї енбӓсїндї біlмӓдї. «Ҷоҕары шыk!» kыз аітты. Кан ҷоҕары шыkты, отурдӱ̆; kыз тастырkанды ҷаіды алдына асты алып кеlїп kоідӱ̆. Кан ҷедї, аітты: «Апырмаі! астың тӓ̄ттїсїнаі! менїң кеткӓн kызым сол осундаі п'сірӱ̄ш'едї.» Кыз аітты: «Кызыңызды кімгӓ берїп едїң?» Кан аітты: «Кызымды бір ҷаман ташшаҕа берїп едїм.» Кыз аітты: «Сол kызың мен емӓспӓ? кӱ̆јӧӱ̄ң сол емӓспӓ?» деп ӧзӱ̆нӱ̆ң бајын кӧсӧттӱ̆. «Калаі кӧрӱ̆нӧдӱ̆ кӧзӱ̆ңӧ?» Ӓ̄кӓсї аітты: «Ҷаkсы!» дедї. Ӓ̄кӓсї ҷылаіды. Кыз аітты: «Ҷаманды ҷаkсы kылдым, ҷаман

еркäктї ҷаксы урҕашы асраіды дегäн мынау! солаіма ӓкäм? сен менї ҷаманҕа берїп едїң. Сен басы алтын кӧтӱ̆ кӱ̆мӱ̆ш кїктї ḱӯдӱ̆ң, сен ыстаі алмадың, менїң кӱ̆јӧӱ̆м ыстады. Ол сіздäн артыḱ болҕан емäспä? Ӱ̆јӱ̆ңӧ барды бајым, сонда сіз алтын таҕыңыздан тӱ̆рӧ-гäлїп тӧсӧгӱ̆ңӱ̆згӧ барып отурдӱ̆ңӱ̆з ау. Ол артыḱ болҕан емäспä?»

Кан аітты: «Рас! менїң таҕымды кӱ̆јӧӱ̆м алсын!» Кан ḱуса болдӱ̆, аітты: «Е, ḱызым, сен аḱылды екäнсїн, мен аḱмаḱ екäнмїн, менїң ҷерїмä кеl! менїң шӓрїмдї бїlä!»

Кан ӱ̆јӱ̆нӧ кеlдї, ḱан ӧзӱ̆ ӧlдӱ̆, кӱ̆јӧӱ̆ ḱан болдӱ̆, ḱызы ḱаныша болдӱ̆.

4. Тӱ̆с сатḱан ташша.

Ертäдä бір баі болӱ̆птӱ̆, баідың ӱ̆јӱ̆ндӧ ҷӱ̆ргӧн бір кӱ̆ңӱ̆ болӱ̆птӱ̆, кӱ̆ңӱ̆ ҷатса тӱ̆с кӧрӱ̆птӱ̆, басынан аі тӯптӱ̆, ајаҕынан кӱ̆н шыҕыпты, ҷӱ̆рӧгӱ̆нӱ̆ң басынан ҷулдуз тӯптӱ̆. Ертäн турӱ̆птӱ̆, бетї ḱолӱ̆н ҷӯптӱ̆, бу тӱ̆сӱ̆мдӱ̆ іздäін! дептї, іздäп кетїптї, бір баідың сїрїн баḱḱан ташша балаҕа кеlїптї. Бала аітыпты: «Е, ҷеңгäшї, ḱаіда барасын?» Кӱ̆ңӱ̆ аітты: «Каіда бараін! сенїң баіҕа ҷалданҕалы кеlдїм.»

Сїр баḱḱан бала аітты: «Ӧтӱ̆рӱ̆к сен аітасын, сен бір дäмä іздäп барасын.» Кӱ̆ң аітты: «Т'сӱ̆мдӱ̆ іздäп барамын.» Бала аітты: «Наҕылҕан тӱ̆с? аітшы! Кӱ̆ң аітты: «Аітаін! ујуḱтап ҷатыр едїм, тӱ̆сӱ̆мдӧ басымнан аі тӯптӱ̆, ајаҕымда кӱ̆н шыҕыпты, ҷӱ̆рӧгӱ̆мнӱ̆ң басымнан ҷулдуз тӯптӱ̆, сол тӱ̆сӱ̆мдӱ̆ іздäі кеläмїн!» дедї.

Бала аітты: «Осу т'сӱ̆ңдӱ̆ маҕан сатшы!» дептї. Катыны аітты: «Не берäсїң?» дедї.

«Кунан шыҕар ӧгӱ̆зӱ̆м бар, сол ӧгӱ̆зӱ̆мдӱ̆ берäін!» дедї. Катын аітты: «Ҷараіды» дедї. «Тӱ̆сӱ̆мдӱ̆ берäін!»

Бала ḱунан ӧгӱ̆здӱ̆ бердї. ḱатын алды, ӱ̆јӱ̆нӧ кеттї. Бала кешкä сїрїн аідап ӱ̆јӱ̆нӧ кеlдї, сїрін ḱорасын ḱамады, темірдäн

етік соkтўрдў, темір тајаk соkтўрдў; ертäн турдў бала, бетї kолўн ҷӯдў, сїрїн ҷаімады, темір етік ајаҕына кїдї, темір тајаkты kолўна алды, кеттї.

Бір уаkытта темір етіктäн теңгäдäї kалды, темір тајаkтан тебендäі kалды. Бір шӓргä kеlдї, шӓргä kеlсä бір kаның есігінїң алдында ҷатыпты. Тӱн ортасы болҕанда екі арҕымаkkа алтынды бӧӱскӧ ҷеккäн, бір kаның баласы бу kаның kызын алып kашамын деп kеlгäн, екäӱ ӧкӧшкӧдӧн сӧlӧсӱптӱ, kыз аітыпты: «Тура тур!» дептї, «ӓкäм ујуkтасын!» дептї, тӱсӱн іздäп kеlгäн бала бӓрін аітkан сӧзӱн есітіптї. Каның баласы ташша балаҕа сӱӧнӱп ҷатып ујуkтапты. Бір уаkытта ташша бала тӱрӧ-геlдї, ӧкӧшкӧгӧ kеlдї. Кыз аітты: «Kеlдїңбä?» дедї. Бала аітты: «Kеlдїм» дедї. «Коржундў äппäр!» дедї. Бала ӓппäрдї, бӧӱскӧдӧн ӓппäрдї. Кыз ішїн толтурдў, kыз ҷігіткä аітты: «Екі арҕымаkты ертä!» дедї. Ҷігіт ертäдї, екі kоржундў алды, артына бӧkтӧрдӱ. Кыз ӱјӱнӧн шыkты, екäӱ екі арҕымаkkа міндї, кеттї, манаҕы kаның баласы ујуkтап kалды.

Кыз ҷігіттї таң аткан сон таныды, kаның баласы емäс екäн. Кызҕа оі тӱстӱ, kыз kашаін деп едї, kашалмады. «Кашсам менї бу еркäк kӯп ҷетсä менї тірі kоімаідынkоі. Кашпаін! менї kоскан kудаі екäн шыҕар; тіјäін!» дедї. Кеттї, бір уаkытта бір шӓргä kеlдї. «Е ҷігітїм, kыз аітты, ҷерїң барма? ӓкäң барма? баурўң барма?» дедї. Ҷігіт аітты: «Еlім-дä ҷоk, ӓкäм-дä ҷоk, баурўм-да ҷоk, kаідан kеlїп, kаідан турҕанымды біlмäімїн» дедї.

Кыз аітты: «Ендї біз осу шӓргä біз тураіk! дедї «патсаҕа мӓlімдäнäік» дедї — «ҷараіды» дедї.

Кыз аітты:

«Бір ӱі сатып ал!
«ӱінӱң сырты ҷаман болсўн!
«ӱінӱң ішї ҷаkсы болсўн!
«ішїнäн аkkан булаk болсўн!
«сунўң аkлыҕы сӱттӧі болсўн!
«ішїндä баі терäк болсўн!
«баі терäктїң басынан ӧірӱk меіс турсўн!

«өірўк меіс тамшылап турсўн!

«бірдән аузҕа тўсўп турсўн!»

Осу орамалҕа салып беräін! осуҕан берсä алып кел, мен тура-тураін! мен кетät екän деп оілама!» дедї.

Екі арҕымакты алып кыз калды, цігіт шāргä цўгўрўп келдї. Таң ертän енгän шāргä бесіндä бір ўі таптьі, ўідўң ішїнä цігіт енїп келдї, енїп келсä бір цігіт бір урҕашы отур екän.

«Аҕакä, ўўңдў сатамысын?» дедї.

Ўідўң іäсі аітты: «Сатамын!» дедї «көр мында аккан су мынау сўттөн ап-ак! дедї, баі терäгїм мынау, өірўк меіс басындаҕы анау» дедї, «аузҕа тамшылап бір бірдän тўсўп турады» дедї.

Цігіт аітты: «Не аласын?» дедї. «Сенїң āлің келмäс» ўі іäсі аітты. Цігіт аітты: «Осу орамалдаҕымды беräін! аламысын?» дедї — «орамалыңмїнän бер! алаін» дедї. Цігіт бердї, ўі іäсі аітты: «Мен шыҕамын ер катын екäўмўз шыҕамыз. Ajak табак, төсөк орун сендä калсын! маҕан керäгї цок» дедї. Цігіт аітты: «Цараіды» дедї. Ер катын екäў ўідөн шыҕып кеттї. Цігіт манаҕы катынына келдї, келсä отур екän. «Цігітїм, ўі таптыңба?» катын аітты. «Таптым» дедї — «цараіды» дедї. Екäў арҕымаҕын цедäктäп сатып алҕан ўўнö келдї, катыны көрдў: «Бāрäкäлдї, цараіды» дедї. Өгўн цатты, ертän турдў, бетї колўн цўдў. Катына аітты: «Мен тамак п'сäраін! сен барып шāрдің десätнігїнä кабар бер! патсаны шакырсын! біздің ўўмўзгö келсїн! деп аіт!»

Бајы кеттї, десätнікkä кабар бердї, патсаны шакырыңыз біздің ўўмўзгö келсїн! деп, осу шāрдің цаксыларын бāрїндä шакыр! дедї.

Цігіт ўўнö келдї, «шакырдыңба?» катыны аітты — «десätнікkä аіттым, асыңды п'сір!» Бір уакытта десätнік патсасын, бāрїндї шакырып, келдї. Бала ыстолўн кондўрды, тастырканды цаідырды, ас äкпäлїп патсаның алдына коідў. Патса аітты: «Апырмаі асының тāттісїн аі» дедї. Касындаҕы ўäзірдäрї аітты: «Мен көрўп келäін цігіттің катынын» дедї. Кан аітты: «Токтаі тур! уjат болар» дедї — «не уjаты бар?» деп ўäзір көрömўн деп кеттї, көрўп каітып канҕа келдї. «Апырмаі кан-аі!» дедї «аітса аіткан-

даі көркөм екән, сіздің катыныңыз колўна су куйўға қарамаіт екән.» Кан аітты: «Апырмаі, көркөм менің алғанымба деўш'едім» деді.

Кан қуртўн қіды, акыл сурады. «Бу қігіттің катынын каітіп аламын?» деді. Қурт аітты: «Алмаі несі бар?» деді «сіз аітыңыз: шакырып: шешам менің ауру деп аітыңыз, ажумінан қолбарыстан екаўнан екі шелак сўт сауп бер! деп аітыңыз! сонда ол барар, барғанда келалмас мунда, соңда сіз катынын аларсын» деді. «Қараіды, қуртўм!» кан аітты. Кан қігіт келсін! деп шакырды, қігіт келді, кан аітты: «Е, қігітім! не кылып қўргөн қатсын?» деді, «каідан келдің? каідан турдўң? елің барма? қуртўң барма?» деді.

Қігіт аітты: «Таксыр алдыjар, елімдә қок, қуртўмда қок, каідан келіп, каідан турғанымды білмәімін» деді. Патса аітты: «Білмәсаң менің шәрімдә тур! сені адам кыспас, адам саған зордўк кылмас! менің шешам ауру!» деді, «бір қумуска сені қумсаімын!» деді. Қігіт: «Бараін!» деді. «Барсаң ажумінан қолбарысты екаўнан екі шелак сўт сауп әкпәл! әкпәлмәсаң басыңды аламын!» деді, — «қараіт» деп ўjўнө қылап келді. Катын аітты: «Негә қылаісын?» деді — «қыламаі-каітаін? Кан бір катты қумуска қумусады» деді «барып ажумінан қолбарыстан сўт сауп әкпәлмәсаң басыңды алмак боламын» деді. Катын аітты: «Коркпаі канға барып кандан кырк кўн мурсат сура!» деді. Қігіт қўгўрўп ўjўнө келді: «Алдыjар, қумсаған қумусўқўзға бараін! кырк кўн мурсат бер!» деді. «Қараіды, ал!» деді.

Қігіт қўгўрўп ўjўнө келді. «Бердімә мурсат?» катын сурады. «Берді» қігіт аітты. Катын аітты: «Бу шәргә бар, бір шабдар ат сатып ал! моінунда ағашы бар, өзўнўң аркасы қаур» деді. Кетті қігіт, шәрдің басына келді; бір шабдар атты бір қігіт сатамын деп қетактап қўр екән. «Сатамысың атыңды, ағакә?» деді — «Сатамын; не берәсін?» деді. «Каідан біләін! өзўң сура!» «Екі дўз сом бер!» «Дўз өлў беряін!»

Дўз өлў сом берін аркасы қаур шабдар атты алып ўjўнө келді қігіт. Катын аітты: «Сен кырк кўн ўідө отур! оразаңды

ыста! бес уақыт намазыңды оқу!» деді. «Мен шабдар атты алып кетәін, семіртіп әкпәләін.» Қараіды деп баһы қалды, оразасын ыстады, бес уақыт намазын оқудў, қатыны шабдар атты қедәктәп кетті. Кырк күн болды дегәндә шабдар атты қедәктәп қатыны келді, шабдар атты семіртіпті, баһына аітты:

«Ер мінән токум әкпәл!
«шабдар атты ертәп кел!
«алдыңғы аілын бос тарт!
«артқы аілын бәрік тарт!
«шабдар атқа мін!
«тоғаідағы ажўдў аідап кел.
«тоғаідағы қолбарысты аідап кел!»

Шабдар атты тоғаіға барғанда барбаіға салып қал, шабдар аттың таусўн естіген сон ажумінән қолбарыс бір қергә қілар. Сонда алдыңы салып аідап кел! алдыңнан қан кісі қібәрәр: коісўн! аідамасын! шешәм қазылды! деп аідар. Сонда сен болмаі ўјўнө аідап кел!» деді.

Қігіт шабдар атты ертәді алыңғы, аілып бос тартты, артқы аілын берік тартты, шабдар атқа мінді, кетті, бір тоғаіға келді, шабдар атты борбаіға салып қалды, шабдар аттың шыңғырған таусўн ажумән қолбарыс естіді, бір қергә қілды, қігіт алдына салып аідады. Қолда көрўнгон малдыда, қандыда қаіпады. Алдынан қан кісі қібәрді, «шешәм қазылды, аідап келмәсін!» деп қібәрді. Қігіт тілін алмады, ўјўнө аідап келді, екі темір шелäк колўна алды, ажудан бір шелäк сўт саудў, қолбарыстан бір шелäк сўт саудў, каның ўјўнө керäк болса деп «мә» деп әкпәлді. «Керәгі қок төгўп таста!» деді. Шелäк аппарып төгўп тастады. Ажумән қолбарысты қолға салып кўп қібәрді. Қігіт ўјўнө келді.

Кан елін қуртўн қілды «ақыл тауп бер!» деді. «Каітіп мен қігіттї өлтўрўп қатының аламын?» деді. Қурт аітты: «Өлтўрмөңўз! бір қатты қумуска қумусаңыз! соңў барып әкпәлсә әкпәлсін! әкпәлмәсә сонда қатының аларсын деді. «Әкәм өлгөндә баі болған екән, мен қас болған екәмін; аіт! әкәм алтынмінән күмўстў қаі қергә көмгон екән. Әкәм өлгөндө мен бір қара токтў

сојўп берїп едїм, со тїган болама екән, болмаіма екән? деп аіт!» деді «сол ңумуска ңібәр!» деді. Ңігіттї кан шакырды: «Ӓ ңігітїм!» деді «бір ңумуска ңумсаімын; барамысын? бармаімысын? деді. «Барамын!» деді. «Барсаң мен сенї өрттөімўн, сексән арба сексәўл ӓкпән өрттөімўн» деді. «Менїң ӓкәм тірісїндә баі екән, алтынмїнән кўмўс көп болҕан екән; сол өлгөндө алтынмїнән кўмўстў каі ңердә көмгөн екән? Ӓкәм өлгөндө бір кара токтў сојўп берїп едїм; со токтўнўң етї тїган болама? тїмәган болама? соңў біл! ӓкәм ңаксыма екән, ңаманма екән соңў бііп кел! деді.

Ңігіт аітты: «Ңараіды, бараін!» Кан аітты: «Бармасаң басыңды аламын!» деді.

Ңігіт ўјўнө келді. Катын аітты: «Негә кан сенї шакырҕан екән?» деді. Бајы ңылады. «Негә ңылаісын?» катын аітты. Бајы бәрїндә аітты. «Бар!» деді, катын аітты, «ўш кўн мурсат сура!» деді. Баі ңўгўрўп канҕа келді. «Таксыр!» деді «кішкәнә аітатўҕўн тәтїм бар, ўш кўн мурсат берїңіз! ўш кўн өткөн сон сексән арба сексәўл ӓкпәлїңіз!» деді. Кан «ңараіды» деді «бар! ўш кўн мурсат бераін!» деді. Ўш кўн мурсат берді, ўјўнө келді, катыны кат сызды, ӓкәсі тілак кылып сызды: «Балам, әлїң ңеткәңгә зордўк кылма! кара токтўнўң етї маҕан тїді, со токтўнўң етїмїнән кўн көрўп ңатканым; мен-дә бір кўндө зордўк кылўш'едім, кылҕан зордўҕўмның кынасын тарттым. Ңалҕан дўнўөгө екі кўндөі нанбасын! шыны дўнўө мында екән. Балам келсїн касыма!» дегән каҕаз сызды. «Алтынмїнән кўмўстў ўідўң оң ңактаҕы алтын ыстолбаның тўбўндө алтын акша бар, анда көмҕөмўн; алсын балам! сол ңактаҕы кўмўс ыстолбаның тўбўндө кўмўстў көмгөмўн, алсын балам!» дегән каҕаз сызды.

Катын аітты ңігіткә: «Сен, ңігітїм, бар, сексән арба сексәўл алыш келїңіз! деп аіт!» деді. Ңігіт барды, аітты, кан сексән арба сексәўл алыш келгізді, бір ңергә ўідў. Катын ңігіткә аітты: «Астынын от ңаҕар, төңөрөктўң төрт пыршы туман кылармын; сен сексәўлдўң ўстўнө шыҕыш тур! сонда мен көк кептәр болўп сенї көтөрўп ӓкпәтәрмїн деп аітты.

Сексәўлдў кан ўідў, ңігіт ўстўнө шыкты, сексәўлдў кан өрт-

төдӱ, төңөрөктӱң төрт пыршы туман болдӱ, катыны көк кептәр болӱп келдї-дә, ңігіттї көтөрӱп әкпәттї. Катыны бајын алып келдї ӱјӱнө, ӱш күн, ӱш тӱн сактады ӱјӱндө, ӱш күн өткөн сон «Тәң ертән күлдӱң ортасына енїп ңата-кал!» депті. Каҕазды коінӱна салды, «кан келсә канҕа каҕазды берә коі!» деп.

Бајы ертән турӱп, күлгө келїп күлдӱң арасына ңатты. Тәң ертән кан келдї «тірім'екән, тір'әмәсп'екән? келәрм'екән, келмәсп'екән көрөін!» деп келдї. Ңігіт тӱрө-гелдї күлдӱң ішінән.

«Асалау маҕалаікым, алдыјар!» дедї — «ӱәлікім әсәләм! ңігітім!» дедї. «Бардым, алдыјар!» дедї. «Барсаң не аітты?» дедї. «Аіткан сөзгө нанбаісын деп каҕаз сыздырып алдым.» «Мә» деп каҕазды бердї. Кан каҕазды окудӱ: «Балама сәләм! кісігә зордӱк кылмасын, кара токтӱнӱң етї маҕан тїдї, алтын ыстолбәнын тӱбӱндө алтынды көмгөмӱн, күмӱстӱ сол ңактаҕы күмӱс ыстолбаның тӱбӱнө көмгөмӱн, алсын балам! Ңалҕан дӱнӱдө ңӱрмөсӱн! менің касыма келсін! менің касым ңарамаса балам каітып кетәрсін, ңігіт курдӱ шыҕалмаідыма?»

Кан сөіткөн сызҕан каҕазды окуп ӱјӱнө келгәндә ңуртӱн ңіп алып аітты: «Менї өрттөңӱз! сексән арба сексәӱл әкпәліп. Әкәмнің касыма барамын! ңаксымын деген каҕаз ңібәрїптї маҕан, ӱш күндә әкәмнің касы ңаксы болд'ау келмән, ңаман болса ӱш күндө барып каітып келәрмін, ӱш күндө келмәсәм артымда калҕан төлөңгӱттөрӱм келіңдәр!» депті.

Сексән арба сексәӱлдӱ әкпәлгіздї, бір ңергә ӱјӱптӱ, канды өрттөптӱ, кан күјӱп кетіптї. Ӱш күн өтӱптӱ артында калҕан төлөңгӱттөрӱ еліңің ігі ңаксылары өрттөндӱ.

Шәрдә тәӱр манаҕы ңігіт калыпты, кыз катын кылыпты, мана ңігіт шәрін бїләптї, мана каның бір кызын алыпты, өзӱ кан болӱп турӱптӱ; бастапкы катынынан бір ул тӱптӱ. Улдӱ мана ңігіт төсӱнө мінгїзїп ңатышты. Ңігіт солаі ңатыш күлӱптӱ. Бастапкы катын сураіды: «Негә күлдӱң, мырзам?» дедї. «Еішәін күлдӱм» дедї. «Ңок! аіт!» дедї «ојӱңа бір дәмә тӱскөн шыҕар.»

Ңігіт аітты: «Аітаін саҕан! сен сөзӱмдӱ есіт! ңас күнӱмдө әкәдән, шешәдән ңетім калҕан екәнім, сөітӱп ңӱргөнӱмдө бір баі-

дың сірін қаідым, қалшы болўп сір қажып қўргөнўмдө кўндөрдўң бір кўнў бір катын келді. Катынға амандастым, есәндәстім. Каіда бара қатырсын дедім. Катын: Бір тўс көрдўм деді. «Не тўс? аітты!» деп сурадым. Ујуктап қатыр едім, тўсўмдә басымнан аі тўптў, ајағымнан кўн тўптў, қўрөгўм басынан қулдуз тўптў, осу тўсўмдў іздәп келәмін деп аітты. Тўсўндў сат! дедім. Ол катын тўсўн сатты маған, бір кунан өгўз бердім. Үігө келіп кешкә темірдән етік соктўрдўм, темірдән тајак соктўрдўм, темір етіктән теңгәдәі калғанша, темір тајактан тебендәі калғанша јўрдўм қўрўп келіп сізгә тўшар болдўм; соған кўлдўм.»

Үлкөн катын аітты: «Онўң несі бар?» деді, басынан аі тўғаны мені алдың, ајағынан кўн тўса каның кызын алдың», деді «қўрөгўңнўң басынан қулдуз тўса мынау балаң» деді. «Тўсўндў іздәп келсәң кабыл болдў» деді.

5. Молданың ўјўндә окуған бала.

Ертәдә бір молда болўптў, молданың окуткан отуз тоғуз баласы болўптў. отуз сегізнің әкәсі-дә шешәсі-дә бар болўптў бірәўнўң әкәсі қок, шешәсі қок қетім болўптў. Отуз сегіз бала бірін бірі конакка шакырат екән, бір кўндә манағы қетім баланың шакыратўғўн кўн екән, қетім бала шакыраін! десә ўјў қок, беріп десә асы қок. Бала оіланды, етәгін тўрдў, колўна тајағын алды, кўнўң батыс қағына караі кетті. Бір уакытта бір шәргә келді, каір сурады, нан қіп алды бір етәк, каітты қерінә.

Алдынан бір кыз келіптї, кыз көркөм екән, бала-да көркөм екән. Бала кыздың көркўнў карап турдў, кыз баланың көркўнў таңкалды. Кыз баланың етәгіндәгі нанын қеп коіды, қеген сон баладан кашып, бала кўп қетіп, кыздың басында алтынды такіасы бар екән, ол такіасын бала қулўп алды, такіаны алып керінә келді; молдасына келді. «Молдам», деді «осу такіамды беріп! отуз сегіз бала бір кўн ішкәндәі тамак берсәң осу такіаны ал!» деді. Молда аітты:

«Бу такіаны каідан алдың?» Бала аітты: «Солаі шәргә барып едім, каір сурап нан алып едім, нанды алып келә қатыр едім, алдымнан бір кыз келді, нанымды қеп коіды, кашып кетті меннән, мен күп қетіп такіасын алып калдым» деді.

Молда аітты: «Бу такіаға менің әлім келмәді, алалмаімын, бу такіаны аппарып бір канға сат!» деді. «Со кан әлі келмәсә өзгө кісінің әлі келмәс» деді. Бала кетті, кандікінә келді, «асалау маңалаікым, алдыjар!» деді «ўәлікәмә сәлём!» деді. «Каіда барасын, балам?» деді — «алдыjар, қумусум азғана, бір такіа сізгә сатаін деп алып келдім» деді. «Әкпәl, балам! көроін!» деді. Бала коінунан сурып алып берді. Кан көрдў; «балам, сен мунў каідан алдың?» деді. «Алдыjар, менің әкәм қок, шешәм қок қетім едім. Молдаға оку окуп едім, отуз тоғуз бала едік, деді, конакка бірімізді біріміз шакырушы едік, менің шакырўға ўjўм қок болдў, ішәргә асым қок болдў. Соннан бір шәргә кеттім, каір сурап нан алдым; нанымды алып ўjўнө келә қатыр едім; алдымнан бір кыз келді, кыз менің етәгімдәгі нанды қеп коідў, кашып кетіп, мен күп қетіп барып басындағы такіасын қулуп алдым.»

Кан аітты: «О кызды маған таўп берәмісін?» деді, тауп бермәсәң басыңды аламын!» деді.

Бала қылап аулўна келді, отуз сегіз балаға аітты: «Кан менің такіамды тартын алып калды, со кызды тауп бер! деп аітты, таппасаң басыңды аламын!» деді.

Отуз сегіз бала кандікінә қетім баламән біргә келді, бәрі бір сәлём берді, «ә, алдыjар, деді, осу балаға зордўк кылма! бу баланың өзў қетім; әкә мында қок, шешә мында қок; ішәргә асы қок, кіjәргә кімі қок. Буған зордўк кылма! зордўк буған кылғанша отуз сегіз баламыз бізгә кыл! біздің әкәміз-дә бар, біздің шешәміз-дә бар; ішәргә асымыз бар; кіjәргә кіміміз бар!» Кан аітты: «Қок! такіа алып келгән баланың кызды тауп әкпәlмәсә басын аламын» деді. Отуз сегіз бала аітты: «Бізді кепілдіккә ал!» деді, отуз тоғузўн отуз тоғуз күн кепілдіккә ал! отуз тоғуз күндә кызды алып келсін тапса; таппаса өзў келмәсә отуз сегіз баланың басымызды ал!» деді. Кан аітты: «Қараіды» деді.

Отуз сегіз бала ӱјӱ̆нö кеlдї, ҷетім бала отуз сегіз балаҕа амандасып есäндäсїп кызды іздäімїн деп кеттї. Бір кӱ̆ндöрдö бір шӓ̄ргä кеlдї, шӓ̄ргä кеlсä бір кемпірдїкїнä кеlдї. Кемпіргä амандасыпты, есäндäсїптї, кемпір ас берїптї, асын бала ішїптї. Кемпір сурапты: «Каіда барасын, балам?» деп. «Шешäкä» дептї, «менїҥ каіда бара ҷатканын не керäк?» дептї «мен бір беішäрä, ӓ̄кäм ҷок, шешäм ҷок, ішäргä асым ҷок, кїјäргä кїмім ҷок, оку окуп едїм, ӱ̆рöнӱ̆п ҷӱ̆рöдӱ̆м, отуз тоҕуз бала едїк» дедї, бірімїздї бірімїз конакка шакырӯш'едї, менїҥ шакыратӯҕӯн кӱ̆нӱ̆мдö бір шӓ̄ргä кеlдїм. Каірҕа нан ҷїп алдым, нанды алып кеlä ҷатыр едїм ӱ̆ігö, алдыма бір кыз кез-геlдї, кезгеlгäн сон сölöсӱ̆п амандасып турҕанда етäгїмдäгї нанды ҷеп коjӯптӯ, кыс кашып, кызды мен кӯп ҷеттїм, басындаҕы такіасын алып калдым, со такіаны кан меннäн зордӯк кылып алды, такіаныҥ іӓ̄сїн кызды тауп алып кеl! таппасаҥ басыҥды аламын, дедї, со кызды іздäп кеläмїн, отуз сегіз бала маҕан кепіl болӯп калды. Кызды тауп аппарсам ölтӱ̆рмöідї біздї, тауп аппармасам отуз тоҕуз баланыҥ басын алады» дедї.

Кемпір аітты: «Мен онӯ табамын» дедї. Бала куанды: «О шешäкä! дедї, «кызы таӯп берсäҥ маҕан мен саҕан бала болаін!» дедї. «Боламысын маҕан бала рас аіт!» ««Рас аітамын шешä бала баламын!» дедї. «Ҷараіды» дедї. Ендї кемпір аітты: «Бала сен ҷат осу ӱ̆ідö! тöрт кӱ̆ндö кеläмїн; тöрт кӱ̆ндö кеlälмäсäм іздä менї!»

Баланыҥ колӯнан баламын дегäн каҕаз алды, кемпір кеттї, бала ҷатып калды ӱ̆ідö. Тöрт кӱ̆н ҷатkан сон ертäн турӯп бетї колӯн ҷӯдӯ, тышкарҕа шыкып караса шешäсї кызды алып кеlїп тур екäн. «Амансын коі, шешäкä?» дедї. «Есäнмїн, балам, кудаіҕа шӱ̆кӱ̆р» дедї. Кызҕа амандасты бала, кызды оҥ колӯнан ыстады, кыз ҷігіттї таныды, ҷігіт кызды таныды, екäӱ̆ ӱ̆ігö ендї екäӱ̆ сölöстӱ̆. «Е, ҷігітїм, каіда барасын?» Кыз дедї. Ҷігіт аітты: «Сіздї іздäп кеlдїм.» ««Мен не керäк?» Ҷігіт аітты: «Тӱ̆нöгӱ̆дö алып калҕан такіаны кан зордӯк кылып алды, сенї тауп алып кеl! деп, алып кеlмäсäм басымды аламын! дедї, отуз сегіз бала

маҕан кепіl болўп kалды» дедї. Кыз аітты: «Ц̣араіды, мен саҕан тіјämїн» дедї. Ц̣ігіт аітты: «Сенїң кӱјöӱң бар шыҕар.» Кыз аітты: «Кӱјöӱм бар едї, ц̣аман болдў. Мен сенї сӱјöмӱ̆н, мен кетсäм саҕан артымдаҕы сіңдімдї алар» дедї. «Ц̣араіды» дедї. Ц̣ігіт kызды алды, некäсїн kыіды, кемпірдїкїнä ц̣атты, кемпіргä бала болдў. Отуз сегіз кӱн ц̣атты. Катын аітты: «Е, кӱјöӱм, äӱälдä кімдї іздäп ц̣ерїңнäн шыҕып едїң. Отуз сегіз баланың кепіlдї тастап шыkkаның kалаі? Со отуз сегіз баланың ертäнгї кӱн ölтрöдӱ̆ kоі» дедї. Ц̣ігіт тӱрö-геlдї «сäн аkылды екäнсїн, мен аkмаk екäн» дедї «бараіk!« дедї. Катыны алып ц̣ӱрмöк болдў. «Шешä, есäн бол! біз ц̣ӱрöмӱ̆з, ölмöсöм тірі болсам кеlämїн» дедї. «Бар, балам! есäн болсаң бір таппаі kоімаҕаісын!» ««Ц̣араіды»» деп кеттї.

Кызды алып кеlдї, отуз сегіз балаҕа кеlдї, амандасты, есäндäстї. «Бӓрікälдї, ц̣ігіт!» бӱгӱн кеlмäсäң бӓрімїздї kан ölтӱрӱ̆п едї.» Отуз тоҕуз бала kызды алып кеlдї kанҕа. «Алдыјар!» дедї «ӓкпälдїк, біз кепіlдäн шыkтыkпа, шыkпадыkпа?» Кан аітты. «Шыkтыңдар кепіlдäн. Кан kызын алды, отуз тоҕуз балаларды kаітарды. Кыз кӱјöӱ̆нö аітты: «Ертäн тӓңäртäн kан ölдӱ̆ деп äсітäрсїн, сонда шынажаҕа шаkырар! сен шынажаҕа кеlмä! сен ӱідö kал! kан ölгöн сон мен кетäрмїн, менї екі аірыk ц̣олдўң ӱстӱ̆ндö тос! сонда екäӱ̆мӱ̆з кетäрмїз ц̣ерїмїзгä» дедї. «Ц̣араіды» дедї. Кеттї ц̣ігіт, аулўна кеlдї; ертäн турўп kан ölдӱ̆ дегäн kабар тӓңäртäн кеlдї. Кан ölдӱ̆ дегäн kабар кеlсä öзгö ц̣амаҕат шынажаҕа кеттї, ц̣ігіт ӱідö турўп бармады. Ц̣ігіт екі аірыk ц̣олҕа кеттї, kызды тапkан сон екäӱ̆ шешäсїнїкїнä kаітты, біргä ц̣ӱрӱ̆п шешäсїнїкїнä кеlдї, мал малданды, баі болўп турдў.

6. Тӱlкӱ̆нӱ̆ң алдаҕаны.

Бір kаскырмїнäн бір ц̣олбарыс, бір тӱlкӱ ӱшöӱ̆ ц̣олдас болҕан, ц̣олдас болўп ӱшöӱ̆ кеlä ц̣аткан, бір шеläк маі тауп алҕан, бір ц̣ергä ӱшöӱ̆ кеlїп ц̣атты, тӱlкӱ аітты: «Мінä ц̣ердä ӱlкöн аҕамдїкї бар едї, сол ӱlкöн аҕамның kатыны буаз едї, сол аҕам-

ның қатыны бала тапқан екән, соңұң баласына барып атын қойұп келäін!» деді. Қаскырмінäн қолбарыс: «Барсаң бар!» деді. Тұлқұ кетті құғұрұп. Баұанаұы ұшөў тауп алұан шеläктäгі маіды ұшөў бір қергä көмұп кеткäн ұшөў. Тұлқұ қаскырмінäн қолбарысты екäўн алдап тастап құғұрұп шеläктäгі маіұа келді, бір еli төмöн тұсұрұп қеді, қаітып келіп қаскырмінäн қолбарыска келді.

«Аұаңның баласының атын қоідұңба?» деді. «Коідұм!» деді. «Атын кім қоідұң?» деді. «Атын бір еli қоідұм» деді.

Өгұнў тұндä ұшөў қатты, ертäн турұан сон тўлқұ қаскырбäн қолбарыска аітты: «Мінä қердä ортанш'аұамның ұјў бар, со аұамның қатыны буаз еді, аұамның қатыны баласын тапқан екäн, соңұң баласына барып атын қойұп келäін!» деді. Қаскырмінäн қолбарыс аітты: «Бар! қойұп кел!» деді. Тұлқұ құғұрұп кетті, құғұрұп баұанаұы шеläктäгі маіұа келді. Шеläктäгі маідың қарымын қеді, құғұрұп қаскырмінäн қолбарыска қаітып келді. Қолдастары аітты: «Аұаңның баласының атын қоідұңба?» деді. «Коідұм» деді. «Атын кім бäрдің?» деді. «Орта бел деп коідұм.»

Қатты ұшөў өгұнў, ертäн турдұ ұшөў, тұлқұ аітты: «Кенжä аұамның ұјў бар еді», деді, «со аұамның қатыны буаз еді, аұамның қатыны баласын тапқан екäн, со аұамның баласының атын қойұп келäін!» деді. Қаскырмінäн қолбарыс аітты: «Бар қойұп келä коі!» деді. Тұлқұ құғұрұп кетті, құғұрұп маіұа келді, маідың бäрінда қалап қалап қеп коіұан сон қаітып келді құғұрұп. Қолдастары: «Аұаңның баласының атын кім коідұң?» деп сурадылар. Тұлқұ аітты: «Қалап қалап коідұм» деді.

Құрдў ұшөў бір тұөшўгö келді: «Етұөшў!» деді, бір тұö сат бізгä». ««Не берäсін?» деді. «Не берäін, бес дұс сом акша берäін!» деді. Тұөшў аітты: «Кашан берäсін?» деді. «Ендігі қыл берäік!» деді. «Қараіды бір тұö ал!» деді. Бір тұөнў алды ұшөў, алып келіп бір қергä соідұ. Ұшөў тұөнў сойұп қатқанда бір қарсақ келді. Қарсақ аітты: «Сендäрдä мен қолдас боламын!» деді. Қолдастар аітты: «Бол! мынау тұö сатып алып сойұп қатыр-

мыз, со тӱӧнӱ̆ ендїгї ҷыл бес дӱз сом акша берäік! деп алдык», дедїläр. «Сол тӱӧнӱ̆ҥ акшасына косуламысын?» дедї «косулсаҥ тӧртӧӱмӱ̆з тӱӧнӱ̆ сојаік!» дедї. «Сојӱп болмаі ҷемäік!» дедї. Тӧртӧӱ̄ сојӱп ҷатты, тӱlкӱ аітты: «Карсак аузӱна бір демäнї каҕып салды» дедї. Каскыр тап бердї, тап бергäндä карсак ҷарк којӱп кашты. Кашкан сон каскыр ҷолбарысмїнäн тап којӱп кӯдӱ; тӱlкӱ ордӱнда калды. Каскырмїнäн ҷолбарыс кеlгäншä, тӱlкӱ тӱӧнӱ̆ бузӱп ҷарып ҷергä тыҕып коіды; тӱlкӱ кӧмӱ̆п коіҕан сон кетїп калды. Бір уакытта каскырмїнäн ҷолбарыс кеlдї, кеlсä тӱlкӱ-дӧ ҷок ӓlігі ҷердä тӱӧ-дä ҷок, тӱlкӱ таппаі турҕанында тӱlкӱ кеlдї. Ҷолбарысмїнäн каскыр аітты: «Тӱӧ каіда?» деп. «Тӱӧнӱ̆ мен біlмäімїн» деідї, «сендäр карсакты кӯҕанда мендä кӱп кетїп едїм. Мен каідан біläін, ӧздӧрӱ̆мїнäн біргä карсакты кӯп кеткäнмїн.»

Ӱ̆шӧӱ̄ ҷатты тӱндӧ тӱlкӱ тӱӧнӱ̆ кӧмгӧн ҷердäн алып тӱӧнӱ̆ҥ етїн ҷеп ҷатыр тӱӧнӱ̆ҥ етїн бӓрін тӱlкӱ ҷеп коідӱ, кішкäнä терäсї калҕанда ҷолбарыс каскыр біlдї, аітты: «Е тӱlкӱ̆м! не ҷеп ҷатырсын? кырш кыршылдатып не ҷеп ҷатырсын?» ««Ӧзӱ̆мнӱ̆ҥ кӧтӧнӱ̆мдӱ̆ ојӱп ҷеп ҷатырмын» дедї. «Тӱlкӱ̆м, ӧз кӧтӧнӱ̆ҥдӱ̆ ӧзӱ̆ҥ ҷеп ӧlмӧмӱ̆сӱ̆н?» дедї. «Ӧlмӧімӱ̆н» дедї. Каскыр аітты: «Ӧlмӧтӱҕӱн болсам ӧз кӧтӧнӱ̆мдӱ̆ ӧзӱ̆мӧ ојӱп бершї!» дедї. Каскырдыҥ касына тӱlкӱ: «Кӧтӧнӱ̆ҥдӱ̆ ојӱп берäмїн» деп кеlдї, кеlдїдä каскырдыҥ кӧтӧнӱ̆н ојӱп ҷедї тӱlкӱ. Каскырды алдап ӧlтӱргӧlӱ̆ ҷӱр; каскырдыҥ ішїнä енїп кеттї, ішä карынын ҷедї, каскырды ӧlтӱ̆рдӱ̆, ӧlтӱ̆ргӧн сон каскырдыҥ кӧтӧннӧн тӱlкӱ шыкгы, шыккан сон каша бердї, ҷолбарыс тӱlкӱнӱ̆ кӯдӱ, кӯп ҷетїп ыстап алды; тӱlкӱнӱ̆ ҷутамын деп аузӱна салып ҷібäрдї. «Ҷолбарысым» тӱlкӱ аітты: «Маҥгыт деп ҷутсаҥшы!» дедї. Ҷолбарыс маҥгыт деп аузӱн аша бергäндä тӱlкӱ саҥгытып аузӱнан шыҕа бердї. Тӱlкӱ шыҕып кашып кеттї, ҷолбарыс кӯп кӯп ҷет'-алмаі калды.

Тӱlкӱ бір ҷергä кеlдї, бір бӧдӧнӧмїнäн ҷолдас болдӱ, екäӱ̄ ҷолдас болӱп кеlä ҷатты. «Тӱlкӱ̆м», дедї бӧдӧнӧ аітты, сенї мäн кӧп тамакка аппараін!» дедї, «тӱlкӱ̆м кӧзӱ̆ҥдӱ̆ ҷум! куіруҕӱмнан тістä!»

Тӯлкӯ «қараіды» дедї, көзӯн қумдӯда бӧдӧнӧнӯң куіруӊунан тістäп тӯлкӯ қӯрдӯ.

Бӧдӧнӧ аітты: «Тӯлкӯм, мен көзӯңдӯ аш дегäндä аш, мен аш демäі ашпа, тӯлкӯм!» дедї.

Бӧдӧнӧ қӯрӯп келädї, қӯрӯп келїп тӯлкӯнӯ ертїп қетäктäп келä қатыр. Осундаі бір көрӧттӯң ішїнä келдї, көрӧттӯң ортасында, бір көп кісі тур'екäн, көп кісінің ортасына тӯлкӯнӯ қетälän бӧдӧнӧ келдї. Аш көзӯң, тӯлкӯм! дедї, тӯлкӯ көзӯн ашып қібärсä көп кісінің ортасында турдӯ, бӧдӧнӧ алдап келгänін білдї. Бӧдӧнӧ кӯлӯп «др» етїп ӱшӯп кеттї. Älігі қердä кісідäр соӈӯп ӧлтӯрӯп алды.

7. Дудар кыз.

Ертädä бір баі болӯптӯ, улӯда қок кызы да қок болӯптӯ, қылкысы көп болӯптӯ. Баі қылкысын бакпаіды, қылкысын каскыр қемäідї, қылкысын уру алмаіды. Ӧңгӧ қердä бір кан бар екäн, кан аітады: «Онӯң қылкысын каскыр негä қемäідї, уру негä алмаіды, менің қылкымды каскыр да қеідї, уруда алады.

Кісілäр канӈа аітты: «Баласы қок баідың қаңгыз бӯрул ат болӈан, каскырӈа қегізбäіт екäн, уруӈа бермäіт екäн.» Кан ендї баідан бӯрул атты маӈан берсін деп сурата кісі қібäрїптї, баі бӯрул атты бермäідї. Бермäідї баі атын деп қібärгän кісі ӱјӯнӧ келдї.

